



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ХВҚ миссиясының Қазақстанға жасаған сапары бойынша қорытынды мәлімдеме жарияланды

2023 жыл, 15 маусым

31 мамыр мен 7 маусым аралығында Қазақстан Халықаралық валюта қорының миссиясын қабылдады. Сапарды қорытындылаған Миссия елдің бүгінгі қаржылық-экономикалық даму барысын сипаттайтын шолуы бар мәлімдемесін [жария етті](#). Онда негізгі шешімдер мен ұсыныстар да қамтылған.

ХВҚ миссиясы коммуникация саласындағы қарқынды жұмыспен бірге Ұлттық Банктің инфляциялық таргеттеу саясатына бейілділігін және орталық банктің экономиканы қолдау бағдарламаларынан шығуға деген ниетін оң бағалады.

ХВҚ сарапшыларының болжамы бойынша, 2023 жылы инфляция шамамен 12%-ға дейін біртіндеп төмендейді. ХВҚ пікіріне сүйенсек, қатаң ақша-кредит саясаты инфляцияға, валюта бағамына түскен қысымды дер кезінде бейтараптандыруға, долларлану деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді.

ХВҚ сарапшылары инфляцияның негізгі факторларын да атап өтті. Олар – жанар-жағармай мен коммуналдық қызмет бағасының өсуі, жоғары экономикалық белсенділік және мемлекеттік шығындардың артуы. ХВҚ Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатын іске асыру бойынша 2023 жылы қабылдаған шаралары инфляция деңгейін төмендетуге және инфляциялық күтулерді тұрақтандыру бағытында тұрақты үрдіске қол жеткізуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты келесі телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz